

Сонда қызың сөйледі,
Сөйлегенде бүй деді:
— Ақылсыз ноғай сен деді,
Жасырамын ба мен? — деді.
Анау тұрған Тұяқбай,
Өзіңмен қатар тең деді.
Ер болсаң сен егерде
Бара берші сен деді.

Олар жөнеліп баратқанда қыз өзінің жеңгесіне сөйлей бастады:

— Айналайын анамыз
Тұяқбайдай балаға
Осы қыны іс болса
Тұтанбай отқа жанамыз.
Алла болғай панамыз.
Құдай нашар қылған соң.
Неге келер шамамыз?
Аршалан жәрдем бергейсін,
Көздің жасын көргейсін.

Ендігі сөзді Тұяқбайға кеткен отыздан есітіңіз.

Шабуылды салады,
Шабуылды салумен
Тұяқбайға барады.
Жақындастып қалады,
Шапқан атты көрген соң,
Тұяқбай мінген Көк тұлпар,
Аспанға қарғып тұрмады.

Сонда отыз кісі келіп Тұяқбай сен бе? — деді. Сонда Тұяқбай мен — деп сөйлей бастады:

— Экем еді Манаши
Ашағардың бойында

Атана нәлет залым он бір би,
Міндетке беріп кетіпти,
Қасында қалды анасы.
Ындыс деген кәпірге,
Үстап беріп кеткені,
Сөйтіп қорлық еткені.
Үстап беріп кеткен соң,
Есіз қалған, қарасы,
Баласыз екен Манаши,
Іште қалған сол күнде
Мен едім соның баласы.
Сол себепті он бір би,
Әлтірсем деп ойладым,
Әлтіріп кекті мен алдым,
Деді-дағы Тұяқбай
Тұлпарға қамшы салады.
Еті қызып жануар,
Аспанға қарғып ойнады,
Үстіндегі Тұяқбай
Көзі құрдай қызарды,
Күм сағыздай сазарды.

Сонда Эли тұрып сөз бастады:

— Ноғайлының баласы,
Анғарыңыз сөзді деп,
Айтып тұрғой өзі деп,
Тұяқбайдың бұл сөзі
Болып шығар жөн деді.

Ноғайлар кеңес құрды. Сонда бұл қалай деп, Ормамбет бидің баласынан кеңес сұрады.

Эли сонда сөйледі,
Сөйлегенде бүй деді:
— Ай, жолдастар, жолдастар,
Бір жылы туған мұндастар,

Бір сапарды колдастар.
Біздің туған атамыз
Істегені қателік,
Бұл айтқаның сөз емес,
Тұяқбайдай қайсар ер,
Бізге болар ер емес.

Сонда Элиге өзің бар, не болса да Тұяқбайға айтып көр —
деді. Эли келіп, Тұяқбайға сөйлей бастады:

— Тұяқбай бала ер деді,
Сабыр етші сен деді.
Мәжіліс құрып көруге
Сөйлесуге келдім мен деді.
Өліп кеткен он бір би,
Оның болсын жазасы,
Манашыны өлтірген
Тартсын өзінің сазасын.
Кел сіздің үйге кетелік,
Аз ғана ногай еліміз,
Ұрыс ашып арада,
Құр жау болып нетелік.

Тұяқбай Ормамбет бидің баласымен дос болады. Сонда
бұлар барлығы Манашының аулына келіп түседі. Манашы ұл-
кен сый күрмет көрсетеді.

Тұяқбаймен дос болып барлығы еліне қайтып кетеді. Тұяқ-
бай жолдастарына бір айдан қалмай келіндер деп тапсырады.

Бір айға күні толғанда,
Айтқан шағы болғанда,
Отыз кісі бұл келді,
Басшысын оның сұрасан,
Ormambettің баласы
Бастығы сол қараши.
Бір күн жатты бөгеліп
Кететін болды екінші күн



Жауға сонда жөнеліп.
Атқа мініп алғанда,
Апасы келіп қасына
Сонда бастап сейледі,
Сейлекенде бүй деді:
— Куанып едім күлгенде,
Жарылып еді жүрегім,
Сен бір атқа мінгенде,
Қатарға шығып жүргенде.
Барасын қай бір елдерге?
Қандай-қандай жерлерге?
Сен кеткен соң қалаға,
Не күн туар, қарағым,
Ата менен анаға?
Кім ие бол тұрады,
Қалған мынау қараға?
Көз салмайды кімдер кеп
Сен кеткен сон біздерге.
Артында қарға інің жок,
Сен кеткен соң ол жакқа.

Анасы келді жүгіріп,
Отыра алмады кідіріп,
— Асылы туған, қарағым,
Егер кетсөн далаға
Қімді қойып кетейін,
Мұндай есіз қалған қараға?
Кетемісін сен тастап,
Анаң менен апаңды?
Кетіп есім мендеген,
Дүниенің жүзінде
Бір перzentім көрсем деп,
Мен де байғұс сорлы едім,
Бір көре алмай шөлдеген.
Тоғыз ай, он күн көтеріп,
Көрген балам сен деген,

Тастаң кетсөн бұл жерге,
Нем қалады өлмеген?!

Тілімді алсан, бармай қал.
Алмасаң тілді нетейін,
Жоқ жақында ағайын,
Аллам жалғыз жаратты,
Ағайынды қайдан табайын?
Айрылсам сенен жалғызыым,
Көрер көзім күм болар,
Сенген соң отым күл болар,
Кетем десең кетесін,
Кош аман бол, перзентім,
Тапсырдым аққа мен деген.

Сонда Тұяқбай сөйледі:
— Қайғы етпе, анамыз,
Атам менен шешемнің,
Кегін жаудан алуға,
Ындысқа кетіп барамыз.
Кияметтік достарым
Касымдағы жолдасым.
Жолымызды бастайтын
Ормамбет бидің баласы.
Сол сөзді айтып Тұяқбай,
Жауға қосын салады,
Отыз кісі жол жүріп,
Жапанда кетіп барады.
Ол үш айлық жол еді,
Алыстағы сол еді,
Ақ берені жарқылдан,
Ай жарымдық жол жүрді,
Аз ғана емес мол жүрді.
Ноғай келер деген соң,
Ындыстың ханы Мейрамхан
Елі-жұрты халқынан
Аттанған екен мың кісі.

Карауылға шығыпты,
Алдында қара көрген соң,
Мың кісінің ішінен
Жұз кісі шықты барала.
Содан хабар аларға,
Бұлардан екеу шығады,
Әли менен Тұяқбай,
Сол уақыт болғанда,
Екі қолын таянды,
Қайсысының жеңері,
Көкірегіне аянды.
Жақындал жетіп келгенде
Сонда Мейрамхан сөйлей бастады.
— Танымай тұрмын мен — деді,
Қай халықсын, сен? — деді,
Асылынды айтып ер болсан,
Осы жолы бер деді.
Мекен еткен қашаннан
Мен Үндиста хан — деді.
Ізденгім сұрасан,
Ноғай деген ел деді.
Көрейін деп келемін,
Мен ноғайдың баласын.
Шабайын деп келемін
Талқандап оның қаласын.
Сонда Тұяқбай сөйлейді:
— Ізденгім сұрасан,
Бұл Үндистың қаласы,
Мейрамхандай қалмақтың
Алуға келдім қаласын,
Шулатуға баласын.
Тында, қалмак, кебімді.
Жібермеуге іздендім
Сенен кеткен кегімді.
Капияда шауыпсын
Байтақ жатқан елімді.

Ащаңар сайдың басында,
Манашы мырза қасында.
Сол кегімді аларға,
Басыңды жерге саларға
Іздеп келдім мен сені,
Өзінді сенің өлтіріш
Желкеден басың аларға.
Сол екеуін өлтірген
Мейрамхан залым сенбісін?
Сол залым хан сен болсаң
Оярға сенің көзінді,
Өлтіруге келдім өзінді,
Тында менің сөзімді.
Тұяқбай тағы сөйледі.
Сөйлегендे бүй деді:
— Сарыойықты жайлапан
Сұрасаң менің елім бар,
Кеткен сенде кегім бар,
Мен бір туған ер, деді,
Манашты өзің өлтірдің,
Баласы соның мен деді,
Дәмен болса ит қалмақ
Алысалық кел,— деді.
Сонда Мейрамхан сөйлейді:
— Ащаңыр сайдың бойында
Ноғайдың елін үркітіп,
Жақсыларын өлтіріп,
Ноғайға салдым ойынды-ай,
Қан қылғам шауып ойынды-ай,
Қылғанмын сүйтіп тойынды-ай.
Колыңнан келсе кегінді ал.
Шаптырым сондай жерінді ал.
Қолыңнан олар келмесе
Үре-үре өзің қал,— деп,
Мейрамхан тұра берді.

Тұяқбайдай батырың
Қылышты алды колына,
Жұлдызы туды оңына.
Қылышын қолға алған сон,
Алып сонда сермеді,
Мейрамханда ер еді,
— Соғысам десең кел! — деді,
Сол бір мезгіл болғанда
Қарсы найза салысты,
Карт бурадай алысты,
Ат үстінде екі күн
Жағаласты салысты.
Үстіндегі ерлердің
Айбатына шыдамай
Астындағы айуан да
Шөге жата қалысты.
Жіберем бе деп ойлайды
Біріне бірі намысты.
Сол мезгілі болғанда
Шөккен аттан түсіп ап
Жаяу жүріп жағалас
Ерлер тағы салысты.
Күн төртеуге толғанда
Мейрамхандай кәпірдің
Буыны кетті әлсіреп,
Тізесі оның бүгілді,
Бүгілмес еді тізесі
Әлсіреп өзі жүргенде
Аяғы тасқа ілінді,
Қайраты оның таусылып
Құрыған сонда сілесі.
Тұяқбайдай ол бала
Қанша мықты болса да
Астына бұрап бір салды,
Қанжарын сонда қолға алды,

Бүркіт алған козыдай
Тамаққа қанжар ол салды.
Мейрамхандай кәпірдің
Артындағы көп қолын
Жапыра бәрін шабады,
Тұяқбайдың қолынан
Бұрын келіп қалады,
Олар келіп қалғанша
Әли менен Тұяқбай
Атқа мініп алады.
Мініп атқа алған соң,
Әлденеше болмай-ақ
Екі жақтан шабыскан,
Бірнеше күн айқасқан.
Тұяқбайдай жас берен
Астында мінген көк тұлпар
Қолына алып семсерін,
Оң келгенін оң шапты,
Сол келгенін сол шапты,
Атаңа нәлет кәпірдің
Талайын сүйтіп сұлатты.
Қайратты туған ерлердің
Айбатына шыдамай
Қырылды сегіз жұз қалмағы,
Қашты көбі шыдамай,
Отыз бір ердің ішінде
Төртеуі өліп қалыпты.
Бұлар келді қалаға
Қаланың ішін шаң қылды,
Қызыл жоса қан қылды,
Қалаға ойын салады,
Жесір жебір шұбыртып
Қалмақтан соны көп алды,
Шұбыртып оны айдады,
Солардың соры қайнады.
Мейрамханың баласын

Алғашқа таңып байлады,
Өлімді оған сайлады.
Тұяқбай келді еліне,
Өзінін туған жеріне.
Сонда шешесі сөйледі:
— Айналайын қыраным,
Аман-есен келдің бе?
Қыраным деп сүйген шырағым,
Қалмаққа сен бардың ба?
Кегінді одан алдың ба?
Айдал жолға салдың ба?
Бұздың ба оның қаласын?
Көрдің бе оның шамасын?
Жаңа кірді іреңім,
Жарылып тұр жүргегім,
Толып тұр менін бұл ордам.
Бұрынғы күні келді ғой
Сау саламат келді ме
Қасындағы ерлерің?
Сенің күтіп жолыңды
Арманым жок, өлмедім!
...Тұяқбай батыр өтіпті,
Мұрадына жетіпті.
Алып беріп ел кегін.





Тұсініктер

І. ЕР ҚОСАЙ — бұл жырды 1938 жылы ел арасынан жазып алған, Қазақстан зерттеу коғамына тапсырушы Асайын Хангельдин.

Казақ ССР Фылым академиясының Орталық ғылыми кітапханасының қолжазба корында бұл жырдың мұнан басқа да бірнеше нұсқасы бар. Хронологиялық ретін сактап айтқанда:

Ер Көкше. XIX ғасырдың екінші жартысында В. В. Радлов жинап бастырган нұсқа.¹ Бұл жырдың жинаққа қосылған нұсқадан біраз өзгешелігі бар. Мұнда Қамбарұлы Ер Көкше қырық кісімен Манаши батырды ертіп жауға аттанады. Қырғын соғыста Манашының мандайынан ок кадалып, оны Көкше суырып алады, өліп жатқан қырық адамымен бірге Манаши тіріледі. Екінші бір соғыста Көкше өледі. Одан кейінгі окиға Қосай туралы. Қосай соғыска аттанып, жеті қабат жер астындағы Сарбаланы тауып алады, калмақтың батыры Теміrbаймен соғысады. Соғыста қаза болған Ер Қосай кісі етін жеп тіріледі. Сарыбидің кызы Ботаға үйленіп, барша мұратына жетеді.

Ш. Уәлиханов өзінің бір қолжазбасында: Ер Көкше мен оның баласы Ер Қосай туралы әңгімелей келіп, бұл жырды Көкшетау округі Ко-

¹ В. В. Радлов. Образцы народной литературы тюркских племен, живущих в южной и Дзунгарской степи часть III, СПБ, 1870, стр. 80—101.

налы Атыгай болысында тұратын Арыстан ақынның білестіндігін айтады, өзінің жазып ала алмағанына қатты өкінеді. Қосай жырын Шокан өте жоғары бағалаған. «Өлдендері төтенше күшті және үнді де, барлық рапсодиясы (өленнің мотивы) үзілмейтін кызықты болып келеді»¹ дейді.

Ер Кекше және оның баласы Ер Қосай — деген әнгімені Г. Н. Потанин «Қазак-қырғыз, алтайдың ескі әңгімелері мен аныздары және өртегілері»² деген еңбегінде баstryрды. Халыққа белгілі жырдың кыскаша мазмұны орыс тілінде жарияланған. Мұндағы жаңалық: Ер Қосай жауға кеткенде оның сүйген кызы Ботаның елін кара кыпшак Қобланды шауып алып кетеді. Қыз өзінің қай жаққа кеткенін білдіру үшін үш күнде бір хат жазып, таяққа шашып, жолға қалдырып кетіп отырады. Сол белгімен Қосай жауды іздел табады. Қобландымен жеті күн, жеті түн соғысып, Қобландыны өлтіреді.

Г. Потанин ел аралап ескі әңгімелерді қазактың сол кездегі оқыған жастарының аударуы арқылы орыс тіліне түсіртіп жазып алып отырған. Аударушыдан ба, әлде айтушыдан ба «Қобланды жыры» мен «Қосай жырының» сюжеттерін ауыстырып алғанға үқсайды.

«Қосай батыр» жырының бір жазбасы Машһұр Жұсіп Қөпеевтың колжазбаларының арасында сактаулы, бұл жазбаның В. В. Радлов жазбасынан айырмасы жок.

Кекшениң ұлы Ер Қосай — атақты Мұрын жыраудан 1942 жылы жазылып алынды. Жырдың көлемі 900 жолдай. Мұның басқа варианттан өзгешелігі өз феодалдарынан корлық көрген қалмақ кемпіріне Ер Қосай жәрдем етеді, екінші бір соғыста сол кемпірдің баласы Қосайға көмектеседі. В. Радлов, Ш. Уәлиханов, Г. Потанин, Ж. Қөпеестер бұл жырды «Ер Кекше жыры» деп атаса, Мұрын мен Асайын «Ер Қосай жыры» деп атайды.

2. ҚАРАБЕК. Бұл жырдың екі нұсқасы бар. Бірі осы жинаққа қосылған «Қарабек батыр» жыры, ол «Қиссай Қарабек» деген атпен 1882 жылы Қазанда шықты. Жинап баstryруши Мәулекей. Мәулекей Юмачев «Қарабек» жырын жазып алу үшін Түмень, Омбы қалаларына барады. Омбының Қарауыл дейтін елінде тұратын Шөкемен жырауды іздел жүріп, оны Мұқыр ауылындағы Элжан дегеннің үйінен тауып, жырды содан жазып алады.

Кітаптың ішкі мұқабасында бұл жырды «Қарабек пен Қараман қиссасы» деп атапады.

Екінші нұсқа «Қарабек батыр» деп аталаған. Ол нұсқа 1940 жылы Қызылорда облысы, Арап ауданында тұратын Бітімбаев Жанабергеннен СССР Фылым академиясының Қазак филиалының экспедициясы жазып алған, көлемі 7500. Мұның сюжетіндегі жаналыктар мыналар:

¹ Ч. Ч. Валиханов. Сочинения СПБ, 1904, стр. 225.

² Живая старина вып. II—III 1918 г. стр. 53—57.

Ертеде ногайлы хандығының тұсында Ормамбет деген би өтіпті. Оның қоластындағы халық жаугершілік заманында қатты жүдеп-жарапты. Бұлар қашып, көшіп жүріп Сарысу деген жерге келіп қоныс тебеді. Сол елдің Қадірхан деген ханы болады. Ол Азу деген қала салдырып, «Қыл жалаулы қалмактан» елін қорғайды. Қадірханның алпысқа келгенше баласы болмайды. Әйелі Зәуренай картайғанда алтын айдар үл туып — атын Қарабек, күміс тұлым қыз туып — атын Ханбибі кояды. Қадірхан Қарабекті он жасқа келгенше ешкімге көрсетпей тауда бактырады, басқа қалаға жіберіп оқытады.

Қарындасы Ханбибі өте сұлу болады және салдық құрып дархан өмір сүргенді жақсы көреді, оған риза болмаған шешесі қызын қалмактардың келетін жолына үй тіктіріп апарып кояды. Оны Қарабек өсітіп, қанша бейбақ болса да қарындасымды қалмакқа кия алмаймын дең алып келеді.

Қарабек қазак елін шауып алуға шыққан Қоблан қалмақ пен «Жеті тулы» Ақжан қалмақты жеңеді.

Ханбибі Қарабектен жасырып Қобланды кеу сандыққа салып сақтайды, бұл сырды сезген екі күнін Ханбибі өлтіреді. Ханбибі «ханжапай», «қолдұзақ» ойнайық деп алдап, саржанның кірісін ыстық суға малып Қарабектің қолын байлайды. Қобланға оны өлтіртек болады.

Бірінші нұсқадан тағы да бір айырмашылығы: Ханбибінің қылышын Қарабек әке-шешесінен жасырып айтпайды, соның үшін Қарабектің пірлері батырдан безіп қашып кетеді.

3. ДОТАН БАТЫР. Бұл жырдың да бірнеше нұсқалары бар. Бірі осы жинаққа қосылған «Дотан батыр» жыры. Бұл 1903 жылы Қазанда «Қисса Дутан Құбанақбайұлы» деген атпен Маариф баспасында шықкан. Сол кітаптың мұқабасының ішкі бетінде «Қисса Дутан Құбанақбайұлы әм жалмауыз кемпірдің өлгені. Ертегіден жыр етіп қисса қылұшы Мәшһұр хожа Жұсіпбек. 1900 жылы «жазылды» деген дерек бар. Қисса 1915 жылы қайтадан басылған.

Дотан батыр. СССР Фылым академиясының Қазак филиалына 1940 жылы, Мәлім Жұсіпов тапсырған колжазба, көлемі 1150 жол.

Дотан батыр — бұл колжазбаны 1941 жылы Аманғали Сегізбаев тапсырған, көлемі 1950 жол.

Дотан батыр — 1948 жылы Қысыраубек Амантаев тапсырған.

Бұл колжазбаны негізі 1903 жылғы кітаптан тараған. Мұнда қалмақ батыры Қалдан мен Дотан батырдың соғысы айтылмайды.

4. АРҚАЛЫҚ БАТЫР. Жинаққа қосылғаны Ержан Ахметов тапсырған нұсқа. Бұл нұсқаны 1958 жылы Институттың фылыми қызметкері Бекмұрат Уахатов жазып алған.

Ержан Ахметов 1879 жылы туған. Қазір Шығыс Қазақстан облысы, Тарбағатай ауданы, «Шілікті» совхозында тұрады. Репертуарында көп-теген тума шығармалары да, жаттанды жырлары да бар. Ержан Ахметов Аркалық жырын XIX ғасырдың екінші жартысында өмір сүрген Көтбай ақыннан үйренген.

Жырдың бұдан басқа да үш нұсқасы бар:

Бірі — 1939 жылы ел арасынан жазып алып СССР Фылым академиясының қазақ филиалына тапсыруши Елтай Құлсариеv, жырдың көлемі 1525 жол.

Бұл нұсқада қалмак ханының аты Мәлік, батырының аты — Дуду. Аркалықты босатып алмақшы болған қазақ батырының аты — Жақсылык.

Ертай нұсқасында Бейсен, Қараш деген билер Аркалық пен оның батырларын жау қолына ұстап береді. Кейін тұтқыннан босап келген Аркалық үш биді, Әжіні өлтіреді, өзі хан болады.

«Аркалық батырдың» қара сөзben жазылған бір әнгімесін Қабыш Мұсанинов деген адам тапсырды. Онда Аркалық тарихта болған адам, қалмакпен соғысқан делінген.

«Аркалық жырының» қалмакқа алғашкы аттанғанын суреттейтін кыска жырын Үбрайымов Дауітхан деген тапсырды. Көлемі 350 жолдай.

5. «ТӨРЕХАН БАТЫР» — Атакты ақын Нұрпейіс Байғаниннан 1940 жылы жазылып алынған. Негізгі колжазбасы Қазақ ССР Фылым академиясы Әдебиет және өнер институтының колжазба корында сактаулы, фонды № 4, хр. 23.

«Төрехан» атты жырды Мұрын Сенгірбаев, Бейсен Сариманов, Айса Байтабыновтар да жырлаған. Бірақ олардың айтқанымен Нұрпейіс жыраудан жазылып алынған жырдың сыртқы ұқсастығы болмаса, оқиғаны әнгімелеп беруі мүлдем басқа. Нұрпейіс Байғаниннің «Төреханыңда» реалистік сарындар мол да, тілі көркем, сюжет желісі өте кызықты.

6. «МАНАШЫҰЛЫ ТҰЯҚБАЙ» — 1942 жылы Мұрын жыраудан жазылып алынды.


Бұрын жарыққа шықпаған, колжазбасы Қазақ Фылым академиясының кітапхана корында сактаулы, фонды Л 79 д, 830.


7. «АКЖОНАСҰЛЫ ЕР КЕНЕС» Мұрын жыраудан 1942 жылы жазылып алынды. Колжазбасы Қазақ ССР Фылым академиясының кітапхана корында сактаулы, фонды № 79 д, 830. Баспаға бірінші рет жарияланып отыр.

«Акжонасұлы Ер Кенес», «Манашыұлы Тұяқбай» жырларының біз-

ге тек Мұрын жырлаған нұсқалары мәлім. Гурьев облысындағы қариялар бұл жырларды ерте кезде Қашаған, Нұрым жырлаған еді — деседі. Бірақ ол аталған жыраулардан жазылып алынған ештеңе жок.

Мұрын жырау өзінің өмірбаянында Қашаған мен Нұрымнан үйренин үнемі айта отыратын еді. Соған қарағанда Мұрыннан жазылып алынған жырлар мен өткендегі жыраулардың айтатын жырларының негізі бір болу керек.





Мазмұны

Кірісле	5
Ер Қосай	15
Қарабек батыр	77
Дотан батыр	145
Арқалық батыр	213
Терекhan батыр	283
Акжонасұлы Ер Кеңес	343
Манашыұлы Тұяқбай	377
Түсініктер	401

БАТЫРЛАР ЖЫРЫ. Т... Алматы, Казмем-
көркемәдеббас, 1961.
(Каз. ССР Ғылым Акад. М. О. Эуевов
атындағы әдебиет және өнер ин-ты).

Т. 2. Құрастыргандар: филология ғылымы-
нын кандидаттары М. Г. Ғұмарова, О. А. Нұр-
магамбетова, Б. Уахатов. 408-бет.

КАЗАХСКИЙ ЭПОС

Том второй

(На казахском языке)
Издание Казгослитиздата — 1961

Редактор А. Шалабаева.
Худож. редактор Н. Гаев.
Техн. редактор П. Вальчук.
Корректор Н. Измаилова.

Сдано в набор 16/X-61 г. Издат № 339.
Подписано к печати 28/XII-61 г. УТ06880.
Бумага 84×108 $\frac{1}{16}$ =25,5 п. л.—42,84 усл. л.
(Уч.-изд. 21,68 л.+10 вклеек). Тираж 78000
экз. Цена 2 руб. 40 коп.

Алма-Ата. Полиграфкомбинат Главиздата
Министерства культуры КазССР. Зак. 1925